

Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 184 "Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 237 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 мамырда № 27870 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының "Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" 2018 жылғы 28 ақпандағы № 184 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-179 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы*

С. Бигеев